

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 15 маусымдағы № 144 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18 бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" № 590 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап жиырма күнтізбелік күн ішінде ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде оның көшірмесін жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жариялаған соң Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің, "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) жоғарыда аталған Ережені тіркеу органында белгіленген заңнамалық тәртіpte тіркеуді жүргізууді.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Есіл аудан әкімі

М. Оспанов

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданы әкімдігінің

2022 жылғы "15" маусымдағы

№ 144 қаулысымен

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, (бұдан әрі - Бөлім) экономика, бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару, аудандық бюджеттің атқарылуы бойынша бюджеттік есепті және есептілікті жүргізу салаларында басшылықты жүзеге асыратын, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агрономикалық кешен мамандарына, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсынатын, ауданның коммуналдық меншік объектілерін басқару қызметтерін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушы-құқықтық формасында заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңба бейнесі бар мөрі және мемлекеттік тілде өз атауы бар бұрыштамасы, белгіленген ұлгідегі бланктері, қазынашылық органдарында "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына сәйкес шоттары бар.

5. Бөлім азаматтық –құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлім Қазақстан Республикасының бюджеттік және қаржылық заңдылығына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселесі бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, Қазақстан Республикасының

Еңбек кодексімен, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен қарастырылған, Бөлім басшысының бүйректарымен рәсімделген шешімдер қабылдайды.

8. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" КММ құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітіледі.

9. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" КММ заңды тұлғаның мекенжайы: индексі 150500, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Явленка ауылы, Иманов көшесі, 78А.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 30.06.2023 № 116 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтайшы құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің бюджетінен (шығындар сметасы) жүзеге асырылады.

12. Бөлімнің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау затына кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қатынасқа түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге қаржы және мемлекеттік басқару салаларында заңдылық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының қаржы облысындағы заңнамасында басқалары белгіленбеген жағдайда мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Бөлімнің мақсаттары және өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- 1) аудан аумағында мемлекеттің бірыңғай экономикалық, бюджеттік және қаржылық саясатты жүзеге асыру;
- 2) әлеуметтік-экономикалық реформаны іске асару мақсатында аудандық бюджетті жоспарлауды және атқаруды реттеу;
- 3) ауданның бюджеттік қаражатын басқару және аудан әкімдігінің коммуналдық меншігінің объектілерін басқаруға қатысу;

- 4) бюджеттік мониторингті жүргізу (бюджетті атқару көрсеткіштерін әрдайым, жүйелі жинау, қадағалау және талдау);
- 5) аудандық бюджетті атқару бойынша бухгалтерлік және бюджеттік есепті, қаржылық және бюджеттік есептілікті жүргізу;
- 6) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу;
- 7) ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроОнеркәсіптік кешен мамандарына, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну;

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

Бюджет кодексімен, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроОнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығымен қарастырылған бөлімнің құзыретіне жатқызылған қызметтерді жүзеге асыру үшін ақпаратты мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және жеке тұлғалардан сұрауға және алуға;

аудан бюджетін жоспарлау және орындау, сондай-ақ экономикалық тиімділікке және бекітілген аудандық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) мақсатты орындалуына баға беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының бюджеттік заннамасы талаптарының бұзылу себептеріне баға беруге;

ауданның коммуналдық меншігіндегі аудандық коммуналдық мұлікті, соның ішінде акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетін (жауапкершіліктері шектеулі серікtestіктердің үлестерін) иемденуге, пайдалануға;

Бөлімнің құқықтарын және мүдделерін қорғау бойынша барлық деңгейдегі сот органдарына шағымдануға, аудандық коммуналдық мұлікті иемдену, пайдалану және билік ету сұрақтары, Бөлім қызметінің сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасы соттарында Бөлімнің мүддесін білдіруге;

аудандық коммуналдық меншіктегі жекешелендіру объектілерін бағалау шығындарын қаржыландыру үшін қаражатты пайдалануға, аукциондарды, тендірлерді ұйымдастыру және өткізуге, жекешелендіруден кейінгі бақылауды жүргізуге, аудандық бюджетте қарастырылған қаражат есебінен занды және жеке тұлғаларды сараптаушы және кеңес беруші ретінде шарт негізінде тартуға;

шарттың талаптарын бұзғаны, соның ішінде аудандық коммуналдық меншік объектілерінің меншіктік жалға беру (жалдау) төлемін төлемегені немесе уақытында төлемегені үшін; жалға берілген объектіні тағайындалуна байланысты емес

пайдаланғаны үшін, оны жалға берушінің келісімсіз субжалға бергені үшін, сондай-ақ жалға алушымен жалға берушінің келісімісіз оның ішінде орналасқан инженерлік жүйелерді және коммуникацияларды қайта жаңғарту, қайта жоспарлау немесе объектіні қайта жабдықтауды жүргізу; аудандық коммуналдық меншік объектілерін өтеусіз пайдалануға (ссуданы), сатып алу-сату, сенімгерлік басқару шарттарының талаптарын бұзғаны немесе орындамағаны үшін төлемақы және айыппұл есептеуге;

2) Міндеттері:

материалдарды және ақпараттарды занды және жеке тұлғалардан бұл туралы ресми сұрау салу түскен жағдайда өз құзыretі шегінде ұсыну;

нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;

ауданның қаржылық қызметі, коммуналдық меншігі мәселелері бойынша барлық сот, мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда аудан әкімінің, әкімдігінің мүддесін білдіру;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Мемлекеттік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес міндеттерді жүзеге асыру;

15. Функциялары:

1) Жергілікті бюджетке түсімдерді болжауға және үш жылдық кезеңге бюджетке кірістердің түсімдері саласында мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен басымдылықтарын анықтауға қатысу;

2) аудандық бюджеттік бағдарламалардың, жоспарлы кезеңге жаңа бастамалардың лимиттері бойынша шығындардың лимиттерін айқындау және оны әкімшілерге жеткізу ;

3) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының талаптарына сәйкестігін қарау;

4) жоспарлы кезеңге арналған аудан бюджетінің жобасын әзірлеу және сәйкесінше қаржылық жылға арналған аудандық бюджетті нақтылау, түзету бойынша ұсыныстар енгізу;

5) аудандық бюджеттің жобасын (аудандық бюджетке өзгерістер) аудандық бюджет комиссиясының қарауына енгізу және қарау нәтижелері бойынша оны түзету;

6) үш жылдық кезеңге жалпы сипаттағы трансфертер көлемін айқындау кезінде ауылдық округтер бюджетінің болжамды параметрлерін есептеу;

7) аудандық бюджетті бекіту туралы, көтерме жәрдемақы мен бюджеттік кредиттің мөлшері туралы, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын Солтүстік Қазақстан

облысы Есіл ауданының ауылдық елді мекендерінде азаматтық қызметшілер болып табылатын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласының мамандарына жалақының жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы, аудандық бюджетті нақтылау туралы, өз құзыреті шегіндегі өзге де мәселелер бойынша аудандық мәслихат сессияларының шешімдерін дайындау;

8) бюджет мәселелері бойынша аудандық мәслихат сессияларының шешімдерін іске асыру туралы, оның ішінде объектілер шегінде инвестициялық жобаларды қоса ала отыра басым жергілікті бюджеттік инвестициялардың тізбесін әзірлеу, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының ауылдық елді мекендерінде азаматтық қызметшілер болып табылатын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандардың лауазымдар тізбесін айқындау туралы аудан әкімдігі қаулыларының жобаларын әзірлеу;

9) аудандық бюджет және бөлім құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша баяндамалар, түсіндірме жазбалар, ақпараттық-талдау материалдары мен анықтамалар дайындау;

10) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мемлекеттік инвестициялық жобаларының инвестициялық ұсыныстары бойынша экономикалық қорытындылар дайындау;

11) занды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жергілікті бюджеттік инвестиациялық жобалардың және бюджеттік инвестициялардың, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау;

12) занды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестиациялық жобалар мен бюджеттік инвестициялар бойынша экономикалық қорытындылар дайындау;

13) "Ауданының азаматтық бюджетін" әзірлеу және орналастыру;

14) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 30.06.2023 № 116 (қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

15) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 20 сәуірдегі № 29, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 164, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № ҚР ДСМ-50, Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 243, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 113 және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі

министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 56/НҚ бүйрығымен "Елді мекендердің өнірлік стандарттар жүйесін бекіту туралы" бірлескен бүйрығына сәйкес ауылдық елді мекендердің мониторингін жүргізу;

16) "Ауылдық елді мекендерді анықтау үшін критерилерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 81 бүйрығына сәйкес перспективалық кластерлерді айқындау әдістемесі бойынша тірек, спутниктік және шекаралас ауылдық елді мекендердің тізбесін айқындау;

17) бес жылдық кезеңге арналған ауданың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын әзірлейді;

18) ауданың әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингін жүргізу;

19) аудан әкімінің тапсырмаларын орындау бойынша ақпараттық және жиынтық есептерді дайындау (құзыretі шегінде);

20) депутаттардың, аудандық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық басқармаларының сұрауларына жауаптар (жауап жобаларын) дайындау (құзыretі шегінде);

21) аудан бюджетін жоспарлау және атқару, ауданың коммуналдық меншігін басқару саласында аудан әкімі мен әкімдігінің құқықтық және нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу;

22) Қазақстан Республикасы Үкіметімен айқындалатын тәртіpte төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді;

23) төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, оның ішінде жылдық сомаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді және оларды аумақтық Қазынашылық органдарына ұсынады;

24) аудан бюджетінің жоспарлануын және атқарылуын қамтамасыз ету;

25) бюджетті атқару бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін үйлестіреді;

26) міндеттемелердің уақтылы қабылданбауының, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдердің уақтылы түскеуінің себептерін анықтау, аудан бюджетінің түсімдері мен шығыстарының атқарылуына болжам жасау мақсатында аудан бюджетінің атқарылуына күн сайынғы және ай сайынғы мониторингті жүзеге асырады;

27) жергілікті масштабтағы әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде ауданың жергілікті атқарушы органдарының резервінен ақша бөлу туралы қолдаухатты қарастыру, сондай-ақ төтенше жағдайдағы құқықтық режимді қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды өткізу;

28) заңнамада белгіленген тәртіппен ауданың жергілікті атқарушы органдарына әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға қаражат

бөлу және/немесе төтенше жағдайдаң құқықтық режимін қамтамасыз ету бойынша шараларды өткізу туралы қаулы жобасын енгізу;

29) "Мемлекеттік қызметтер туралы" ҚР Заңына сәйкес ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агрономикалық кешен мамандарына, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну;

30) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 30.05.2024 № 160 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

31) бюджет заннамасында айқындалған органдарға есепті қаржылық жылдағы аудандық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсыну;

32) "Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 бұйрығына, "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бұйрығына сәйкес бюджеттік есептілікті, аудандық бюджеттің атқарылуы туралы есепті әзірлеу және ұсыну, аудандық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін құру;.

33) "Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын (бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 149 бұйрығына сәйкес "Ашық бюджеттер" порталында бюджеттік бағдарламалардың жобаларын, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерді орналастыру, "Ашық бюджеттер" порталында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ақпаратты орналастыруына мониторинг жүргізу;

34) аудандық бюджеттен қаржыландаудың мемлекеттік мекемелердің тіркелген, орындалмаған және төленбеген міндеттемелеріне талдау жасау;

35) өткен қаржы жылында нысаналы трансфертердің пайдаланылмаған (тольық пайдаланылмаған) сомаларын жоғары тұрған бюджетке қайтаруды жүзеге асыру;

36) аудандағы мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша мониторингті жүзеге асыру;

37) бухгалтерлік есеп пен есептілікті ұйымдастыруды, әкімшісі "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" КММ болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды қаржыландауды жоспарларын қалыптастыруды, бекітуді және орындауды қамтамасыз ету;

38) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына сәйкес "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" КММ мемлекеттік сатып алуы бойынша есептілікті құру, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу, мемлекеттік сатып алушын жылдық жоспарын әзірлеу;

39) "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" КММ ақпараттық ресурс жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

40) Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алушы және қарауды, бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдауын жүргізуді қамтамасыз етеді;

41) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігінің коммуналдық мұлкін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге қатысу бойынша өкілеттіктерді жүзеге асыру, оны қорғау шараларын жүзеге асыру, аудандық коммуналдық меншікті тиімді және ұтымды пайдалану мен сақтау мәселелері бойынша жұмыс жүргізу;

42) аудандық коммуналдық мұліктің есебін ұйымдастыру, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

43) "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген шаруашылық жүргізу құқығындағы аудандық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативтерін сәйкестендіру;

44) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серікtestіkтердің мемлекеттік қатысу үлесі бар тізімін жүргізу, осы ұйымдардағы мұлікті түгендеу және есепке алу;

45) шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігінің, сондай-ақ қазыналық кәсіпорындардың сметалық есептен тыс алынған кірістерінің уақтылы, толық есептелуі мен аударылуын бақылауды жүзеге асыру;

46) акционерлік қоғамдардың (жаяуапкершілігі шектеулі серікtestіkтердің) аудандық коммуналдық меншігіне жататын акциялар бойынша дивидендерді (қатысу үлестеріне таза кірістің бір бөлігін) аудандық бюджет кірісіне есептеу мен аударудың уақтылы және толықтығын бақылауды жүзеге асыру;

47) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 30.05.2024 № 160 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

48) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 30.05.2024 № 160 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

49) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің
30.05.2024 № 160 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

50) аудандық коммуналдық мұлікті аудандық коммуналдық занды тұлғаларға бекіту

;

51) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңында белгіленген тәртіппен иесіз деп танылған, коммуналдық меншікке айналдырылған (қабылданған) аудандық коммуналдық мұлікті мұрагерлік құқық бойынша мемлекетке берілген, сондай-ақ "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз берілген иеліктен шығарылған мұлік, табылған заттар, қаңғыбас жануарлар, мәдени құндылықтарға жататын заттары жоқ қазына үлестерін есепке алууды, сақтауды, бағалауды және одан әрі пайдалануды үйымдастыру;

52) жылжымайтын мұлікті иесіз ретінде есепке қою;

53) жылжымайтын мұлікті иесіз және коммуналдық меншікке түскен ретінде тану туралы сотқа талап арыз беру;

54) "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудандық коммуналдық мұлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес занды тұлғаларға сатып алу құқығының, кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне өтеусіз негіздегі құқығымен мұліктік жалға беру (жалдау), сенімгерлік басқаруға беру;

55) мұліктік жалға алу (жалдау) шарттарын, аудандық коммуналдық меншік объектілерін сенімгерлік басқаруды, өз құзыretі шегінде өзге де шарттарды жасау, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

56) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің

30.05.2024 № 160 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

57) "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес коммуналдық меншікке мұлікті, оның ішінде аудандық коммуналдық занды тұлғалардың мұліктік кешендерін, акционерлік қоғамдардың акцияларын және коммуналдық меншіктің аудандық деңгейіне жататын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлесті, аудандық коммуналдық занды тұлғалардың мұліктерін коммуналдық меншіктің облыстық деңгейіне беруді жүзеге асыру;

58) "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мұлікті, оның ішінде облыстық коммуналдық занды тұлғалардың мұліктік кешендерін, акционерлік қоғамдардың акцияларын және коммуналдық меншіктің облыстық деңгейіне жататын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлесін, облыстық коммуналдық занды тұлғалардың мұлкін аудандық деңгейдегі коммуналдық меншікке қабылдауды жүзеге асыру;

59) аудандық коммуналдық меншіктегі коммуналдық заңды тұлғалар арасындағы мүлікті тапсыруды жүзеге асыру;

60) коммуналдық заңды тұлғалардың баланстарынан негізгі құралдарды есептен шығару бойынша жұмыстарды жүргізу;

61) аудандық коммуналдық меншік объектілерінің тізбесіне енгізілген аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің алдын ала келісімін алу;

62) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңында белгіленген жағдайларда аудандық коммуналдық мүлікті бағалау жөніндегі конкурсты "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұйымдастыру және өткізу;

63) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сауданы өткізу, аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалға немесе тендер шарттарында сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі ведомствоаралық комиссиялар құру;

64) аудандық коммуналдық меншік объектілерін сату алдындағы дайындау бойынша жұмыстарды жүргізу, жекешелендіру объектілерін жекелеген саудалар бойынша бөлу, сондай-ақ оларды өткізу мерзімдерін белгілеу, әрбір жекешелендіру объектісі бойынша сауда үлгісін айқындау, бастапқы, старттық және жекешелендіру объектілерінің ең төменгі бағаларын анықтау және бекіту; "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кепілдік журналарды қабылдау және қайтару;

65) аудандық коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіруді ұйымдастыру және өткізу, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес аукциондардың, тендерлердің ұйымдастырылуы мен өткізілу барысына бақылауды жүзеге асыру;

66) сауда жеңімпаздарымен сатып алу-сату шарттарын жасасу және аудандық коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіру шарттары талаптарының орындалуын бақылау (жекешелендіруден кейінгі бақылау), оларға Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

67) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сауданы өткізу рәсімдеріне байланысты саудаға қатысушылармен, сатып алушылармен және ұйымдастырушылармен есеп айырысуларды жүзеге асыру;

68) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 30.05.2024 № 160 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;

69) "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" КММ құжаттамалық қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру және жүргізу.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 15.02.2023 № 25 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 30.05.2024 № 160 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Бөлімнің бірінші басшысының дәрежесі, өкілеттілігі

16. Бөлімді басқаруды Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және өз өкілеттілігін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Бөлімнің басшысы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Есіл ауданы әкімінің өкімімен жұмысқа қабылданады және жұмыстан босатылады.

18. Бөлім басшысында орынбасары жок.

19. Бөлім басшысының өкілеттілігі:

1) Бөлімнің Ережесін, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды аудан әкімдігінің бекітуіне ұсынады;

2) Бөлімнің жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылық жасайды, Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның қызметтерін жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

3) Бөлім қызметкерлерінің міндеттерін айқындайды және жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

4) Бөлім қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес лауазымға тағайындаиды және лауазымынан босатады;

5) еңбек заңнамасына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Бөлім қызметкерлерін сыйақыландыру, заттық көмек көрсету және тәртіптік жаза белгілеу мәселелерін шешеді;

6) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар, бөлімнің қызметшілеріне орындауға міндетті нұсқаулар шығарады;

7) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Бөлімнің мүддесін білдіреді;

8) ерлер мен әйелдердің әр түрлі құқықтары және мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдемесі туралы заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету;

9) Бөлім қызметкерлерімен сыйайлас жемқорлық заңнамасын сақтауға дербес жауапкершілікті алып жүреді;

10) Бюджет кодексіне, еңбек, мемлекеттік қызмет, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Бөлім басшысының болмаған кезеңінде оның өкілеттіктерін орындауды еңбек, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Бөлімнің мүлігі

21. Мемлекеттік мұлік туралы заңнамада көзделген жағдайларда Бөлімнің жедел басқару құқығында оқшаланған мұлкі болуы мүмкін.

22. Бөлімнің мұлкі оған меншік иесі берген мұлік, сондай ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және мемлекеттік мұлік туралы заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Бөлімге бекітілген мұлік ауданның коммуналдық меншігіне жатады.

24. Егер мемлекеттік мұлік туралы заңнамада өзгеше көзделмесе бөлім өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне белгіленген қаражат есебінен сатып алғынған мұлкіті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату

25. Бөлімді қайта ұйымдастыру (бірлестіру, қосу, бөлу, қайта құру) және тарату (жабу) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.